

## **2019 жылға электр энергия сатып алу бойынша ашық тендер өткізу туралы хабарландыру**

Ақмола электржелілік үлестіру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «АЭҮК» АҚ), Астана қ. Циолковский көшесі, 2/3, 2019 ж. 146 123 000 кВт.с көлемінде электр энергиясын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы хабарлайды (сатып алынатын тауарлар, жұмыстар және қызметтердің толық тізімі [www.arek.kz](http://www.arek.kz) интернет-ресурсында орналастырылған тендерлік құжаттамада көрсетілген ).

Тауар Қазақстан Республикасы Ақмола облысы Астана қаласына жеткізілуі тиіс.

Талап етілетін тауарды жеткізу мерзімі: 2019 жылдың 01 қаңтар – 31 желтоқсан аралығы.

Тендерге қатысуға Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №18 бұйрығымен бекітілген Реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді (бағаларды, алымдар ставкаларын) немесе олардың шекті деңгейлерін және тарифтік сметаларды бекіту кезінде шығындары ескерілетін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алу қағидаларының 7 тармағындағы біліктілік талаптарына сай барлық потенциалды жеткізушілер жіберіледі.

Тендерлік құжат пакетін 2018 жылдың «29» қараша сағат 10:00-ден кешіктірмей мына мекенжайда: Астана қаласы Циолковский көшесі 2/3, №223 кабинетте, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттар тегін ұсынылады.

Тендерге қатысуға конверттерде жапсырылған тендерлік өтінімдер потенциалды жеткізушілермен «АЭҮК» АҚ-на мына мекенжай бойынша ұсынылады: Астана қаласы Циолковский көшесі 2/3, №223 кабинет.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2018 жылдың «30» қараша сағат 10:00-ге дейін.

Тендерлік өтінімдер конверті тендерлік комиссиямен 2018 жылдың «30» қараша сағат 11.00-де мына мекенжайда ашылады: Астана қаласы, Циолковский 2/3 көшесі, № 201 кабинет.

Ықтимал жеткізуші және оның өкілдері (бірініші басшының қолымен және мөрімен расталған сенімхатты ұсынумен) тендерлік өтінімдер конвертін ашуға қатыса алады.

Табиғи монополиялар субъектісі тауарын тұтынушылар «АЭҮК» АҚ өткізетін тауарларды сатып алу бойынша тендерде бақылаушы ретінде қатыса алады.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы 8 (7172) 37-04-91 телефоны бойынша алуға болады.